

Күндізгі білім беру ұйымдарының оқушыларына қала ішіндегі қоғамдық көліктерде (таксиден басқа) жол жүрулеріне жеңілдік беру туралы

Күшін жойған

Қарағанды облысы Теміртау қалалық мәслихатының 2010 жылғы 16 сәуірдегі N 28/6 шешімі. Қарағанды облысы Теміртау қаласының Әділет басқармасында 2010 жылғы 19 мамырда N 8-3-104 тіркелді. Қолданылу мерзімінің өтуіне байланысты күші жойылды (Қарағанды облысы Теміртау қаласы мәслихаты аппаратының 2011 жылғы 26 сәуірдегі N 5-24/185 хатымен)

Ескерту. Қолданылу мерзімінің өтуіне байланысты күші жойылды (Қарағанды облысы Теміртау қаласы мәслихаты аппаратының 2011.04.26 N 5-24/185 хатымен).

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі "Білім туралы" Заңының 6 бабы 1 тармағының 2) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 7 шілдедегі "Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жастар саясаты туралы" Заңының 6 бабы 4) тармақшасына сәйкес және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаларына сәйкес келтіру мақсатында, Теміртау қалалық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Теміртау қаласының келесі санаттағы оқушыларына 2010 жылы қала ішіндегі қоғамдық көліктерде (таксиден басқа) жүрулеріне жеңілдік белгіленсін:

1) Теміртау қаласының жалпы білім беретін оқу орындарының бірінші сыныптан сегізінші сыныпқа дейінгі сынып оқушыларына (жазғы кезеңді 2010 жылдың 1 маусымынан 31 тамызға дейінгі аралықты есептемегенде) тегін жол жүру ;

2) жалпы білім беретін оқу орындарының, кәсіби лицейлердің тоғызыншы сыныптан он бірінші сыныпқа дейінгі сынып оқушыларына, колледждер оқушыларына (тоғызыншы сынып базасында оқитындарға, бірінші және екінші курс оқушыларына) тиісті тарифтің 50 % төлеу (жазғы кезеңді 2010 жылдың 1 маусымынан 31 тамызға дейінгі аралықты есептемегенде);

3) кәсіби лицейлерде, колледждерде (он бірінші сынып базасында оқитын) және меншіктің барлық түріндегі жоғарғы оқу орындарының күндіз оқитын тұлғаларына тиісті тарифтің 50 % төлеу (жазғы кезеңді 2010 жылдың 1 маусымынан 31 тамызға дейінгі аралықты есептемегенде).

2. Теміртау қалалық мәслихаттың 2010 жылғы 5 қаңтардағы N 24/4 "Күндізгі білім беру ұйымдарының оқушыларына қала ішіндегі қоғамдық көліктерде (таксиден басқа) жол жүрулеріне жеңілдік беру туралы" (нормативтік құқықтық

актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде N 8-3-92 тіркелген, "Теміртау" газетінің 2010 жылдың 24 ақпандағы N 8, "Зеркало" газетінің 2010 жылғы 17 ақпандағы N 7 жарияланған) шешімі күшін жойды деп танылсын.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау қалалық мәслихаттың бюджет мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін (төрағасы Владимир Павлович Дмитриев).

4. Осы шешім оны ресми жариялаған күннен бастап қолданысқа енеді.

Сессия төрағасы

Н. Жұманов

Мәслихат хатшысы

А. Аркатов

КЕЛІСІЛДІ

*"Теміртау қаласының білім беру,
дене шынықтыру және спорт бөлімі"
мемлекеттік мекемесінің бастығы*

А . Д . А х м е т о в

22 сәуір 2010 жыл